



Бекітемін

Р.Капарова

"14" 07 2025 жыл

**Жезқазған қаласы бойынша «Таза Қазақстан – Таза Жезқазған»
байқауы туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер.

1.1. Номинациялар бойынша конкурсты Жезқазған қалалық мәслихаты, Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен "Жезқазған қаласының тұрғын үй қатынастары және тұргын үй инспекциясы бөлімі" ММ, "Жезқазған қаласының ТКШ бөлімі" ММ, "Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ, "Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ қатысуымен Республикалық «Таза Қазақстан» жобасы аясында ұйымдастырылады.

1.2. Конкурс үй маңындағы аумақтарды құтіп-ұстауды, абаттандыруды және көгалданыруды жақсартуға, тұрғындарды тұрғын үй қорының сакталуын қамтамасыз ету бойынша жұмысқа тартуға, Жезқазған қаласының аумағында тұрудың неғұрлым қолайлы жағдайларын жасауға бағытталған.

1.3. Байқау-конкурсты өткізу мерзімі: ағымдағы жылдың 15 шілдесінен -15 тамызына дейін өткізіледі.

1.4. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- * **Көрікті гимарат ауласы**
- * **Таза подъезд**
- * **Үздік жасыл аула**
- * **Үздік ПИК,**
- * **Үздік МИБ**

1.5. Конкурсты өткізу және қорытынды шығару конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі конкурстық комиссияға (бұдан әрі – конкурстық комиссия) жүктеледі.

Конкурстық комиссияның негізгі функциялары:

- конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қарau (бұдан әрі – өтінім);
- конкурсқа қатысу үшін ұсынылған материалдар мен құжаттарды қарau (бұдан әрі – конкурстық материалдар);
- конкурс қорытындысын шығару.

Конкурстық комиссия төрағадан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Конкурстық комиссияның хатшысы өтінімдерді, конкурстық материалдарды қабылдауды, жалпылай қарауды және талдауды, конкурстық комиссияның отырыстарына ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады. Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған оның құрамының жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі. Конкурстық комиссияның шешімдері қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Конкурстық комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оларға конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

- 1.6. Байқауға қатысу ерікті болып табылады.
- 1.7. Жезқазған қаласының барлық тұрғындары, кәсіпкерлері, төрағалары (ПИК, МИБ) конкурста қатысуға құқылы.
- 1.8. Конкурста қатысу үшін өтінімдерді кәсіпкерлер, үй өкілдері, тұрғындар, Жезқазған қаласының ПИК, МИБ төрағалары электрондық пошта арқылы – zhezmaslih@mail.ru (конкурстық комиссияның хатшысына), ағымдағы жылдың 18 тамыздан-22 тамызға дейін ұсынады. Өтінім осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ өтінім берілген объектінің кемінде 5 дана фотосуреттері беріледі.
- 1.9. Конкурс туралы Ереже Жезқазған қалалық мәслихатының, әкімдіктің және Ардагерлер кеңесінің ресми ақпараттық интернет-ресурсында орналастырылады.

2. Конкурс шарттары.

Осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді ағымдағы жылғы 18-22 тамызға дейінгі мерзімде конкурстық комиссияға ұсынған тұлғалар конкурста қатысушы болып танылады. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған конкурстық материалдар қарастырылады.

- 2.1. "Көрікті ғимарат ауласы" номинациясы - қала кәсіпкерлерінің жақын мандағы аумақты абаттандыру және көгалдандыру, тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша бірлескен жұмысқа қатысуы, сенбіліктер өткізу, ғимарат пен аумақты эстетикалық безендіруде бастама көрсету.
- 2.2. "Таза подъезд" номинациясы-үйдің барлық қабаттары, жертөле таза болуы, көгалдар, ағаштар, бұталар ұқыпты, қоқыс пен жапырақтар жок. Міндегі шарттар: қасбеттің ұқыпты көрінісі, мекенжай тақтасының болуы. Кіреберісте гүл композицияларын, сәндік безендіруді және басқа элементтерді орналастырудың ерекше әдістеріне ерекше назар аударылады.
- 2.3. "Ұздік жасыл аула" номинациясы-тұрғындардың үй маңындағы аумақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша бірлескен жұмысқа қатысуы, тазалық пен тәртіпті сақтау, сенбіліктер өткізу, ауланы эстетикалық безендіруде бастама көрсету. Аула аумағында орналасқан аула және спорт

жабдықтарының, балалар алаңдарының сақталуын қамтамасыз етуге тұрғындардың белсенді қатысуы. Тұрғындардың аула аумағын көгалдандыруға және абаттандыруға қатысуы.

2.4. "Ұздік ПИК, МИБ" номинациясы-ен алдымен өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау, ПИК жұмысының ашықтығы.

МИБ-тер:

- тұрғындармен жұмыс істеу,
- тұрғындар алдындағы есеп беру.
- тұрғын үйлерді жылыту маусымына дайындау-жылыту жүйелерін жуу және сығымдау, үйішлік желілерді орау, терезелерді шынылау.
- үйлер мен аула аумағының жалпы техникалық жағдайы.

3. Қорытындылау тәртібі және жеңімпаздарды марапаттау

3.1. Конкурстың қорытындысын шыгару ағымдағы жылғы 25 тамыздан -2 қыркүйекте өткізіледі.

3.2. Конкурстың қорытындысын шыгару осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.3. Конкурстық комиссия 1.8-тармақта белгіленген мерзімде ұсынылған өтінімдерді нәтижелерді тіркеу үшін сол жерге барып қарайды.

3.4. Конкурстық жұмыстар осы ереженің 2.1; 2.2-тармақтарында белгіленген әрбір топ үшін критерийлер бойынша бағаланады. Әрбір критерий бойынша 0-ден 5 баллға дейін қойылады.

Жүлде қоры: жүлделі сыйлықтар.

3.5. Конкурстық комиссияның шешімі қорытынды хаттамамен ресімделеді, оған конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде жартысы қол қояды.

3.6. Конкурс қорытындылары туралы ақпарат Жезқазған қалалық мәслихатының және Ардагерлер, әкімдіктің ресми ақпараттық интернет-ресурсында орналастырылады.

3.7. Жеңімпаздарды марапаттау 8 -қыркүйек Қала күніне арналған салтанатты іс-шарада өткізіледі. Сонымен қатар, байқау қорытындысы бойынша ұздіктер Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталады. Жеңімпаздарға өткізілетін күні, уақыты және орны туралы қосымша хабардар етіледі.

Ережеге
№1 қосымша

**Номинациялар бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдер
НЫСАНЫ**

**Конкурстық комиссияның төрағасына
номинациялар бойынша конкурс
дайындау және откізу бойынша**

**Конкурсқа қатысуға арналған
(номинацияның бірі көрсетіледі)
Өтінім**

(Жеке тұлғалар үшін Т. А. Ә., мекеменің атауы және занды тұлғалар үшін
басшының Т. А. Ә.)

(Занды
тұлғалар үшін – мекен - жайы бойынша орналасқан жеке тұлғалар үшін)
атаққа арналған конкурсқа қатысуышылар қатарына (топты көрсету)

Конкурс
шарттарымен келісемін.
Байланыс телефоны _____.

"___" _____ 2025 жыл.

(қолы)

(аты-жөні, тегі)